

# Шымқала көлігінің болашағы жастарға



## Елбасымыз

**Н.Ә. Назарбаевтың Шымкент қаласын Қазақстанның ең ірі қалаларының біріне айналдыру идеясы астарында үлкен саяси мағына бар. Оның бірі, Оңтүстік өңірінің орталығы Шымкент қаласы өзіміздің оңтүстік аймағын алыс-жақын шет елдермен байланыстыратын тоғыз жолдың торабында орналасқан. Сонымен қатар, ХХІ ғасырдың ең ірі жол саласына байланысты жобаның бірі — Улы Жібек жолын президентіміз басшылығымен жаңғыртуу болып отыр.**

Осыған сай ел президенті тарапынан «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» тас жолын салу жобасы қолдау тауып, оны Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол» стратегиялық бағдарламасымен айқындап берді. Бұл дегеніміз, Қытай, Корея, Жапония елдерінің, сонымен қатар алыстағы Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан, Иран, көрші Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мен Түркменстан елдерімен қоса Қазақстанның өндірген тауарлары Ресей, Украина, Белоруссия, Кавказ елдеріне, бұлардан асып көрі құрлық Еуропаға өте жедел төте жолмен жеткізілетін болады. Керісінше, Еуропа елдерінің тауарлары Азия елдеріне қарай осы жолмен тасылатын болады. Себебі, тауарларды мұхит арқылы тасымалдауға бірнеше ай керек болса, Қазақстан арқылы өтетін құрлықтық жол арқылы тасымалдауға бір, ары кетсе екі аптадай уақыт кетеді. Бұл дегеніміз, көптеген уақыт пен қыруар қаржыны үнемдеу деген сөз.

Осы аталған алыс-жақын елдердің көліктері тоғыз жолдың торабында орналасқан Шымқаладан өтеді.

Олай болса, осыншама көліктерді оңтүстік өңірінен өткізу, оларды қабылдау, көліктерге техникалық қызметтер көрсету, олардың қозғалысын ұйымдастыру, оларды басқару, логистикалық орталықтар, заманауи қоймалар мен парктер қызметін ұсыну қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі болып, көлік саласы бойынша өз істерін білетін, білікті де білімді мамандарды қажет етуде.

Осы тұрғыдан алғанда, Шымкент

ну және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыруға берілетін мамандықтар;

- Жол қозғалысын ұйымдастыру;
- Автомобиль көлігінде қозғалысты ұйымдастыру және басқару;
- Магистралды темір жол көлігінде қозғалысты ұйымдастыру және басқару.

Университетте профессор – оқытушылар дәріс беріп, студенттер үшін қазіргі заман талабына сай кітапханалар, интернетке қосылған соңғы үлгідегі компьютерлермен жабдықталған оқу залдары мен заманауи, алдыңғы қатарлы аспаптар мен



құрал-жабдықтармен қамтылған лабораториялар, курстық және дипломдық жұмыстарды орындауға арналған арнаулы кабинеттер өз қызметтерін атқаруда, жалпы оқу үдерісіне қажетті барлық жағдайлар толығымен жасалған. Студенттер мен магистранттардың

қаласындағы білім мен ғылым ордасы атанып отырған М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Көлік, тасымалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасында жоғарыда айтылған салалар бойынша бакалавр мен магистрлерді даярлау өте жақсы жолға қойылған. Атап өтер болсақ, ол келесі мамандықтар:

1. 5B071300 – Көлік, көлік техникасы және технологиялар бойынша берілетін мамандықтар;

– Автосервис және фирмалық қызмет көрсету;

– Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы;

2. 5B090100 - Көлікті пайдала-

академиялық ұтқырлық бағдарламасына сай өз оқуларын алыс-жақын (Еуропа, АҚШ, Канада т.б.) шет елдерде жалғастыруларына болады.

Қазақ елінің экономикасын жоғары деңгейге көтереміз деген талапты да талантты мектеп бітіруші жастар көлік саласындағы мамандықтарға түсіп, көліктер мен тасымалдау жұмыстарының жаңа технологияларын меңгерсе, «нұр үстіне нұр болар еді» деген ойдамыз.

**Н. ТАҒАЕВ,  
Ү. ҮСІПБАЕВ,**

**М.Әуезов атындағы ОҚМУ-  
дың доценттері, техника  
ғылымдарының кандидаттары.**